

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№86 мектеп-гимназия» КММ

Оқу-әдістемелік жұмысының талдауы

Мектеп-гимназия миссиясы: «Өз елінің тілін, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін әлемнің кез келген түпкірінде дәріптей алатын құзыретті тұлға қалыптастыру».

Мақсаты: Ұлттық бағытта тәрбиелеу мен оқыту арқылы өз елін, тарихы мен салт-дәстүрін құрметтейтін тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Мұғалімнің кәсіби құзыреттілік деңгейін көтеруде үздіксіз білім алуына қолдау көрсету және жеті модульді ықпалдастыруды тәжірибеге енгізу;
- барлық оқушылардың бойындағы қабілеттерін анықтай отырып, табысқа жетелеу «Табысты мектеп, табысты мұғалім, табысты оқушы» идеясын қолдану;
- оқыту мен оқу сапасын жақсартуда оқытудың тиімді әдіс- тәсілдерін («Сатылай кешенді оқыту» технологиясы, «Ұстаз көшбасшылығы» жобасы, Lesson study) тәжірибеге енгізу;
- пәндердің сапалы оқыту арқылы оқушының өмір бойы білім алуына қажетті дағдыларды дамыту. (білу, түсіну, қолдану, тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым, сыни ойлау, шығармашылық, зерттеушілік, коммуникативті, рефлексия, функциональдық сауаттылық т.б.)

Табыс критерийі:

- мұғалімдердің кәсіби құзыреттілік деңгейлері анықталады, жеті модульмен ықпалдасқан тәжірибе жүйесі дамида;
- мектепті дамытуда және оқыту мен оқуды жақсартуда («Сатылай кешенді оқыту» технологиясы, «Ұстаз көшбасшылығы» жобасы, Lesson study) қадам-қадаммен тәжірибеге енгізіледі;
- жаңартылған білім беру мазмұнына негізделген пәндердің сапалы оқытылуы бақыланады және оқушы, мұғалімнің білімін (білу, түсіну, қолдану, тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым, сыни ойлау, шығармашылық, зерттеушілік, коммуникативті, рефлексия, функциональдық сауаттылық т.б.) дағдылары қалыптасады;
- барлық оқушыларға үміт арту арқылы «Табысты мектеп, табысты мұғалім, табысты оқушы» идеясын жүзеге асыруда аудиттер (сауалнама, сұхбат) алынады, сабақтарда және сабақтан тыс кері байланыс, жүргізіледі, тоқсан сайын рефлексивті есеп алынады.

Міндеттердің орындалу тиімділігі:

I. Кәсіби құзыреттілігін көтеру:

- кәсіби біліктілігі мен педагогикалық шеберлігін көтеру, озат іс-тәжірибелерді зерттеп – жинақтау, тарату;
- психология мен педагогикалық жетістіктерді зерделеуде өзіндік білім көтеру қажеттілігіне мән беру жолдарының тиімділігін іздестіру;
- нәтижеге **бағдарланған білім беру сапасын арттыруда жаңаша жолдармен әдістерді табуға** дағдыланған **«Жаңа формация»** маманы болу.

II. Білім және сапа

- жаппай сапаны көтеру (пәндік қиылымдар, олимпиада, тест, тоқсандық жиынтық бақылаулар);
- оқушылардың білімдегі бағаларын көтермелеп қою жағдайларын болдырмау (пәндер бойынша, сабаққа талдау т.б.);
- өзін-өзі бақылау мақсатындағы өзара байланысты нығайту;
- қабілеті жоғары оқушылармен жұмыс (мектепішілік олимпиадалар, ғылыми жобаға дайындық).

III. Ата-анамен жұмыс

- ата-анамен жұмыс жүйесінде педагогикалық-психологиялық климатты қалыптастыру (сыныптан тыс қалалық, мектепішілік жұмыс, оқу үлгерімі, жетістігі, кемшілігі жайында);

- ата-анамен қарым-қатынасты жақсартудағы тәрбие әдісінің бірізділігін жетілдіру.

Міндеттер	Іс шаралар
№1 ҚР Білім туралы, Тіл туралы Заңдарын, мемлекеттік тілді дамыту мен қолдану аясын күшейтуге арналған мемлекеттік бағдарламаны орындау.	Мемлекеттік оқу бағдарламасын орындау мектепшілік тіл туралы заңның жоспарының жүзеге асуы;

Нәтижесі: оқу бағдарламасының толық орындалуы оқытылу пәндері бойынша білім сапасының артуы.

№2 Жеке тұлғаның дамуына негізделген оқытудың иновациялық технологияларын үйрену және оқу-тәрбие жұмысына қолдану.	Деңгейлік курсты бітірген- 17, I деңгей-6, II деңгей – 3, III деңгей-8 Жаңартылған білім мазмұны- 48 «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы – 48 Lesson Study бойынша – 30 Эмоционалды интеллект – 6
--	--

Нәтижесі: мұғалімдер оқу үрдісінде жаңа технологияларды пайдалануға қол жеткізді.

№3 Мұғалімдердің білім деңгейін көтеру және кәсіби әдістемелік шеберлігін шыңдау.	Курстан – 121 Семинар – 15 Конференция - 8
---	--

Нәтижесі: мұғалімдердің өз білімін жетілдіруге мүмкіндік жасалды.

№4 Оқушының сауаттылығын ауызекі сөйлеу, жазу, тыңдау мәдениетінің талаптарына сай дағдыларын, әдеби тіл нормаларын меңгерту.	Таңдау курстары жүргізіледі. Эссе, шығарма конкурстары өтті. Ғылыми жоба, «Зерде» зерттеу жұмыстары, олимпиадаға оқушылар қатысты.
---	--


Нәтижесі: аудандық, қалалық деңгейдегі жүлделі орындар.

Мектеп баланы оқуға үйрету мен тәрбиелеу, жалпы дамуына, қалыптасуына, сапалы нәтижеге жету үшін сыныптардағы оқу-тәрбие үрдісі қазіргі заман талаптарына сай болу үшін, мектептегі кез-келген жаңарулар мектептен бастау алады. Сондықтан мектеп мұғаліміне қойылатын талап пен жауапкершілік те салмақты. Осындай міндеттерді шешуде мұғалімдер қауымымен жүргізілетін іс-шараларды алдын-ала ұйымдастырып отыруы заман талабына сай келетін пән мұғалімдері жұмыс атқарады.

2019-2020, 2020-2021 оқу жылындағы педагогтардың сапалық құрамы

Мұғалімдерінің саны	Білімі		Санаты				Педагогикалық еңбек өтілі				
	жоғары	арнаулы орта	жоғары	I	II	с/з	3ж дейін	3-7	8-16	17-20	20-дан көп
125	108	17	41	19	16	49	31	8	22	12	52
100%	86,4%	13,6%	32,8%	15,2%	12,8%	39,2%	24,8%	6,4%	17,6%	9,6%	41,6%
166	146	20	20	8	16	60	52	22	27	11	54
100%	88 %	12%	12%	5 %	10%	36%	31%	13%	16%	7%	33%

Мұғалімдердің сапалық құрамы:




Қорытынды: Жалпы мұғалімдер саны - 166 , жоғары білімді – 146 (88 %), арнаулы орта – 20(12%) жоғары санатты – 20 (12%) , бірінші – 8 (5%), екінші – 16 (10%), санаты жоқ – 60 (36%), оның ішінде жас маман –38.

Сапалық құрам көрсеткіші

Жылдары	Мұғалімдердің саны	%	Білімі				
			Жоғары	%	Арнаулы	%	Орта
2018-2019	72	100%	64	88,8%	8	11,1%	
2019-2020	125	100%	108	86,4%	17	13,6%	
2020-2021	166	100%	146	88 %	20	12%	

Мұғалімдерінің сапалық құрамының салыстырмалы көрсеткіші




Әдістемелік жұмыстардың білім алушылардың білім сапасын арттырудағы алатын орны ерекше. 2020-2021 оқу жылында мұғалімдер саны 41 мұғалімге артып, 166 мұғалім болды. Жоғары білімді- 146 мұғалім 88%-ды, арнаулы орта білімді-20 мұғалім 12%-ды көрсетті.

Мықты	Әлсіз
- мұғалімдердің барлығының жоғары білімді болуы; - сапалық құрам тұрақты	- тәжірибелі мұғалімдердің аздығы; - жас мамандардың кәсіби біліктіліктерінің төмендігі.
Мүмкіндік	Қауіптену
Сапалық құрамды жақсарту мақсатында, жас мамандардың біліктілік деңгейлерін көтеру мақсатында жұмыс жүргізу.	Біліктілігі жоғары мұғалімдерді ұжымда сақтап қалу, тұрақтылығын қамтамасыз ету.

Мұғалімдерінің санаты

Жылдары	Мұғалімдердің саны	%	Жоғары	%	I санатты	%	II санатты	%	санатсыз	%
2018-2019	72	100%	24	33,3%	9	12,5%	10	13,8%	28	38,8%
2019-2020	125	100%	41	32,8%	19	15,2%	16	12,8%	49	39,2%
2020-2021	166	100%	20	12%	8	5%	16	10%	60	36%

Салыстырмалы көрсеткіш



Салыстырмалы көрсеткіш бойынша жоғары санатты мұғалімдер 2018-2019 оқу жылында 33,3% - ды көрсетсе, 2019-2020 оқу жылында 32,8%-ға дейін төмендесе, 2020-2021 оқу жылында 12% -ға төмендеген.

I санатты мұғалімдердің салыстырмалы көрсеткішінде 2018-2019 оқу жылында 12,5%-ды көрсетсе, 2019-2020 оқу жылында 15,2%-ға көтерілген, 2020-2021 оқу жылында 5% -ға төмендеген.

II санатты бірлестік мүшелерінің көрсеткіші бойынша 2018-2019 оқу жылында 13,8%-ды, 2019-2020 оқу жылында 12,8%-ға төмендеген, 2020-2021 оқу жылында 10% -ға төмендеген.


Санаты жоқ ұстаздар 2018-2019 оқу жылында 38,8%-ды, 2019-2020 оқу жылында 39,2%-ға дейін жоғарылаған, 2020-2021 оқу жылында 36% -ға төмендеген.

2019-2020 оқу жылында педагогика ғылымдарының докторы – 1, педагогика ғылымдарының кандидаты – 3, педагогика ғылымдарының магистрі – 8, 2020-2021 оқу жылында педагогика ғылымдарының докторы – 1, педагогика ғылымдарының кандидаты – 3, педагогика ғылымдарының магистрі – 8-ден 18-ге көтерілді.

Мұғалімдерінің жас мөлшері

Жылдар	Мұғалімдердің саны	%	20-30 жас	%	30-50 жас	%	50-ден жоғары	%
2018-2019	72	100%	19	26,3%	32	44,4%	21	29,1%
2019-2020	125	100%	31	24,8%	74	59,2%	20	16%
2020-2021	166	100%	45	27%	84	51%	37	22%


Салыстырмалы көрсеткіш



Мұғалімдерінің педагогикалық өтілі

Жылдар	Мұғалімдердің саны	%	1-8 жыл	%	9-20 жыл	%	20 жылдан жоғары	%
2018-2019	72	100%	33	45,8%	13	18%	29	40,2%
2019-2020	125	100%	39	31,2%	34	27,2%	52	41,6%
2020-2021	166	100%	73	44%	39	23%	54	32%

Салыстырмалы көрсеткіш




Мықты	Әлсіз
- мұғалімдердің басым көпшілігі жоғары білімді - диплом бойынша өз пәндерінің мамандары	педагогикалық өтілі аз ұстаздардың басымдылығы
Мүмкіндік	Қауіптену
Жас ұстаздарға тәжірибе жинауға, білімдерін шыңдауға көмек көрсету.	Мұғалімдердің тұрақты жұмыс істеп, орнын ауыстырмауы

Жаңа форматты аттестациядан өткен мұғалімдер

Жылдар	Мұғалімдердің саны	«Шебер педагог»	«Педагог-зерттеуші»	«Педагог – сарапшы»	«Педагог-модератор»
2018-2019	72	3	1	1	4
2019-2020	125	7	18	7	8
2020-2021	166	9	27	22	18

Салыстырмалы көрсеткіш



2018-2019 оқу жылында 5 мұғалім аттестациядан өтті. «Педагог- зерттеуші» жоғарғы санатты 4 мұғалім растады, «педагог-модератор» екінші санатқа 1 мұғалім.

2019-2020 оқу жылында 10 мұғалім аттестациядан өтті. «Шебер педагог» -1 мұғалім, «педагог- зерттеуші» жоғарғы санатты 3 мұғалім, «педагог - сарапшы» бірінші санатқа 2 мұғалім, «педагог-модератор» екінші санатқа 4 мұғалім.

2020-2021 оқу жылында 34 мұғалім аттестациядан өтті. «Шебер педагог» -2 мұғалім, «педагог- зерттеуші» жоғарғы санатты 8 мұғалім, «педагог - сарапшы» бірінші санатқа 11 мұғалім, «педагог-модератор» екінші санатқа 13 мұғалім.

Жыл бойында аттестациядан өтетін мұғалімдердің сабақтарына әкімшілік, бірлестіктер тарапынан қатысулар жүргізіліп отырды.

Мұғалімдерінің білім жетілдіру курстары

№	Курстың атауы	2018-2019 оқу жылы	2019 -2020 оқу жылы	2020 -2021 оқу жылы
1	Деңгейлік курстар	15	2	1
2	«Өрлеу» БАҰО АҚ ПҚ БАИ	15	3	9
3	НЗМ ДББҰ ПШО Жаңартылған білім мазмұны	27	3	
4	Республикалық Дарын орталығы		2	2

5	Отбасылық тәрбиелеу орталығы		25	
6	«Сатылай кешенді оқыту» технологиясы	48		
7	Lesson Study		30	
8	Латын тілі		50	
9	Эмоционалды интеллект		6	
Барлығы		105	121	12

Бүгінгі күн талабына сай сапалы білім беру бағытында қай пән мұғалімі болмасын өздік білім көтеру үлкен рөл атқарады.

2018-2019 оқу жылында «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы бойынша - 48 мұғалім;

«НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығында «Қазақстан Республикасы орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша» курстан 27 мұғалім өтті.

2018-2019 оқу жылында «Өрлеу» БАҰО АҚ ПҚ БАИ – 15 мұғалім курстан өтті.

2019-2020 оқу жылында «НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығында «Қазақстан Республикасы орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша» курстан 3 мұғалім өтті.

Мұғалімдердің марапатталуы

Марапаттау	2018-2019 оқу жылы	2019-2020 оқу жылы	2020-2021 оқу жылы
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Құрмет грамотасы	1		5
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Алғыс хат	1		2
Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің алғыс хаты		1	3
Алматы ауданы әкімдігінің алғыс хаты		2	1
Нұр-Сұлтан қ. Білім басқармасы Құрмет грамотасы		10	11
Нұр-Сұлтан қ. Білім басқармасы Алғыс хат		6	10
Нұр-Сұлтан қ. «Әділет» кәсіподағы Мадақтама		5	5
Ы.Алтынсарин медалі			2

Мектеп әкімшілігі 2019-2020 оқу жылында оқу-тәрбие үрдісінің тиімділігін көтеру шарты ретіндегі мұғалімнің кәсіптік деңгейі мен шығармашылығын дамыту бойынша

жұмыстарды жүзеге асырды. Мектептегі ғылыми-әдістемелік жұмыстар төмендегідей негізгі міндеттерді жүзеге асыру бағытында болды:

- кәсіби қарым – қатынас арқылы педагогикалық шеберлікті анықтау, рейтинг жүйесін жалғастыру;
- оқушыларды жеке тұлға ретінде қарай отырып, білім сапасын көтеруде коучингтар мен LESSON STUDY (зерттеу сабақтары) арқылы деңгейлі бағдарлама модульдерін сабақтарға тиімді ықпалдастыруды қадағалау;
- мұғалімдер біліктілігін көтеруде курстардан өту және заманауи тұрғыдан ұйымдастырылған ашық сабақтар циклын ұйымдастыру және талдау;
- мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін дамытуға нақты жағдай жасау;
- мектепте шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдерді іріктеу арқылы «Шеберлік сыныптарын» ұйымдастыру; түрлі деңгейдегі сайыстар мен семинарларға, ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысымышылдығын бақылау;
- педагогика, психология, әдістеме саласындағы тың жаңалықтарды, әдіс-тәсілдерді оқу, меңгеру және мектепте инновациялық орта қалыптастыру үшін пайдалану;
- ғылыми-теориялық және әдістемелік әдебиеттермен, басылымдармен қамтамасыз етілуін қадағалау.

Міндеттерді жүзеге асыруға байланысты мектеп әкімшілігі жүйелі жұмыс ұйымдастырып, әр мұғалімнің өзекті тақырыбы бойынша оқу-тәрбиелік жұмыстың мақсат-міндетін анықтап, өзекті тақырыпты жүзеге асырудың жоспарлары жасалынып, оны іске асырудағы әдістер мен формалар және мазмұнын нақтылап, қорытындылауды анықтады.

«Ұстаз көшбасшылығы – сапалы білім берудің негізі» тақырыбында әдістемелік кеңес өтті. Күн тәртібінде, 1-мәселе бойынша, 2019-2020 оқу жылында атқарған жұмыстардың қорытындысы жасалынып, 2019-2020 оқу жылының міндеттері және жұмыс жоспары бекітілді. 2-мәселе бойынша, шығармашылық топ мүшелерін, кафедра жетекшілерін, жас мамандарға тәлімгерлер және пәндік онкүндіктер кестесін бекітілді.

Әдістемелік кеңестердің күн тәртібіне орай даярлық шаралары жоспарланып, педагогикалық ұжымның оқу-тәрбие жұмыстарына зерттеу мақсатында барлық мұғалімдердің сабақтарына қатысылып, талдау жасалынып, қорытындысы шығарылды. Педагогикалық ұжымның қазіргі заман сабақтарын жүргізуде жеке тұлғаға бағыттай оқытып, оқушыларды белсенді оқу еңбегімен қамту және жаңа әдіс-тәсілдерді жүйелі қолданып, әр сабақтың мақсатына орай іріктеу бағыттарын байқау мақсатында «Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту жолдары» тақырыбында әдістемелік кеңес өтті. Заманауи сабақтарға қойылатын талаптарды әдістемелік жағынан ықпалдастыру, кәсіби құзіреттілікті күнделікті іс-әрекетте қолдану жағдайлары, деңгейлі бағдарлама модульдерінің оқушы білімі мен дағдысын қалыптастырудағы ролі туралы мәселелер талқыланды. Кеңес кезеңінде шығармашылық топтар құрылып, «ашық микрофон» тәсілі әдістемелік кеңес тақырыбына орай өткізілген шебер-сыныпта түрлі бағыттар бойынша талдау жасап, редакция тобы «мини-газет» шығарып, ең тиімді тәсілдерді қолданып, кері байланыс орнатты.

2019-2020 оқу жылында мектептің жылдық жоспары айлық есебінде құрылып, жоспар бойынша жұмыстар атқарылды. Жыл бойына қаралатын әдістемелік отырыстың тақырыптарымен бекітіліп, хаттамалары жазылды. Жаңартылған білім мазмұны бойынша біршама жұмыстар жүргізілді. Оның айғағы мектептегі ұстаздардың сабақ барысындағы қолданылып жүрген әдіс-тәсілдерінен көруге болады. Жаңартылған білім мазмұны бағдарламасы курсын барлық мұғалімдер толықтай оқып шықты және сабақтарда қолданып, мектепшілік, республикалық семинарларда ұстаздарымыз өз деңгейінде сабақтар көрсетті.

Биылғы оқу жылындағы жұмыс жоспары бойынша жұмыстар толықтай жүргізілді. Жасалған жұмыстар өз жетістіктерімен мектепшілік, қалалық, республикалық, халықаралық деңгейлерден көрініп, марапатталып, мұғалімдердің жұмыстары жоғары деңгейден көрініп келеді.

Қорытынды: Пән мұғалімдері жаңа технологияны күнделікті сабақтарында тиімді қолдана алады. Барлық мұғалімдердің «Өрлеу» білім жетілдіру орталығы және «НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығында курстан өтуі жүйеленген. Кафедра отырысында есеп беріп, күнделікті оқу үрдісінде тақырыптық жұмыс жасай алады.

Жас мамандармен жұмыс

Мақсаты: шығармашыл, озық тәжірбиені жаңа технология үрдістерін меңгерген, кәсіби шебер ұстаз болу.

Міндеті: өз білімін үздіксіз көтеруге жаңа технология үрдістерін меңгеруге, мінез-құлқын тәрбиенің барлық принциптеріне бағындырып, өзіне тапсырылған жұмысты абыройлы да, нәтижелі орындауға міндетті

Жас мамандарға тағайындалған тәлімгерлер тізімі

1 – жылға дейінгі еңбек өтілі жоқ жас мамандар мен тәлімгерлер тізімі

№	Жас маманның аты-жөні	Мамандығы	Тәлімгерінің аты- жөні
1	Бекзан Аружан Ерланқызы	бастауыш сынып мұғалімі	Абдиева Айжан Сапарбековна
2	Оразбай Нұрия Қанатқызы	бастауыш сынып мұғалімі	Молдалиева Жанар Шукиралиевна
3	Азимбаева Кызымгуль Есенкелдиевна	бастауыш сынып мұғалімі	Абдукадирова Маржан Ержановна
4	Нәсікат Қуат	математика пәнінің мұғалімі	Уябаева Гульбаршын Жақсылыковна
5	Бабакулова Мерует Абдракымовна	математика пәнінің мұғалімі	Омарова Динара Бекмуратовна
6	Жәкуден Ақжол Тұрарұлы	информатика пәнінің мұғалімі	Исагулова Карлыгаш Жайлаугазыевна
7	Алькеева Меруерт Нурлановна	ағылшын тілі мұғалімі	Кудабаева Айнур Алимжановна
8	Бақытбек Мәдина	ағылшын тілі мұғалімі	Тұтқабаева Шынар Маратовна
9	Сапарова Мәдина Әбдіғаппарқызы	ағылшын тілі мұғалімі	Жакишбекова Альмира Газымбековна
10	Назарбек Нұрбек Талғатұлы	дене шынықтыру пәнінің мұғалімі	Омарова Айсулу Карибаевна
11	Айтмұханбет Нұрбек Айтмұханбетұлы	дене шынықтыру пәнінің мұғалімі	Ускенбаева Айнур Умурбековна
12	Асқарова Қуаныш Асқарқызы	өзін-өзі пәнінің мұғалімі	Дамебаева Бахыткуль Кошкинбаевна

№	Жас маманның аты-жөні	Тәлімгерінің аты- жөні
1	Мәжит Нұржан Сержанұлы	Мусин Маулет Кудайбергенович
2	Уямдас Аманжол	Нұртазин Асылбек Кайыркенович
3	Серікбаева Аружан Аманкелдіқызы	Калканбаева Марфуга
4	Бақыт Наурызбек	Уябаева Гульбаршын Жақсылыковна

5	Жақсыбек Дана Абдібекқызы	Исагулова Карлыгаш Жайлаугазыевна
6	Жыргау Жансерик	Карбозова Айгуль Ерденовна
7	Жанайдарова Акмарал Муратовна	Дүзенова Алима Алтынбаевна
8	Тынысова Жадыра Маратқызы	Шамахова Акманат Ибраевна
9	Асанғалиева Толқын Исатаевна	Абдиева Айжан Сапарбековна
10	Сақтаған Айнұр Алмасбекқызы	Макулбекова Бибигуль Жансеитқызы
11	Рахманова Гүлзина Талғатовна	Макулбекова Бибигуль Жансеитқызы
12	Сарай Нұржан	Макулбекова Бибигуль Жансеитқызы
13	Тұрсынхан Гүлназ Оразханқызы	Макулбекова Бибигуль Жансеитқызы
14	Ибраева Гүлсезім Дастанқызы	Абдукадирова Маржан Ержановна
15	Кожакова Меруерт Канатовна	Абдукадирова Маржан Ержановна
16	Қабимолда Жанынгүл Жанмареқызы	Абдукадирова Маржан Ержановна
17	Сеилханова Даяна Бекнұрқызы	Абдукадирова Маржан Ержановна
18	Рахметова Балзира Талғатқызы	Молдалиева Жанар Шукиралиевна
19	Битурсынова Балжан Нурлановна	Молдалиева Жанар Шукиралиевна
20	Асылбекова Шуга Токеновна	Судейменова Алия Кусайновна
21	Боранбекова Жадыра Рахимтаевна	Темірхан Ләззат Қойбағарқызы
22	Есходжаева Улжалғас Исахановна	Абишева Акбота Сейсенғалиевна
23	Жаппарова Тоғжан Амантайқызы	Темірхан Ләззат Қойбағарқызы
24	Назымбекова Дамира Нурлановна	Тулентаева Айгуль Алибековна

Тәлімгерлер жұмысы әр жас маманмен жеке тұрақты түрде жүргізіліп, педагогикалық қызметке жас маманның жүйелі білік дағдысының қалыптасуына ықпалын тигізді. Тәлімгерлер жұмысының тиімділігі жоғары болғаны байқалды. Жас маманның жан – жақты пәндік және оқыту әдістемесі бойынша дамуына ықпал ете алады. Тәлімгерліктің негізгі мақсаты да осы, жас мамандардың кәсіби бейімделуі және кәсіби қалыптасуы болып табылады. 2019-2020 оқу жылында жас маманмен жүргізілген жұмысы тәлімгер ұстаздардың басшылығымен жүзеге асты. Пәндер бойынша жұмысты жоспарлау және ұйымдастыру, бағдарламаны және оған жазылған түсінікті оқып шығу, «жаңа білімді оқып -үйрену» сабағының жоспарын жасау, жетекші тақырыптарды, бағдарламаны оқып – үйрену, негізгі жетекші тақырыпты анықтау жөнінде жас мамандарға кеңестер беріліп, бірге жұмыстар жүргізілді. Тәлімгерлері өз сабақтарына қатыстырып, әдістемелік көмекті дер кезінде беріп отырды.

Кафедралар жұмысы

Кафедраның бірінші отырысында 2019-2020 оқу жылының кафедра жоспары талқылап, бекітілді. Нормативті құжаттармен таныстырылды. Жас мамандарға күнтізбелік-тақырыптық жоспардың құрылу туралы кеңестер берілді. Тәжірибелі мұғалімдер жас мамандарға тәлімгер болып бекітілді, оларға тиісті көмек беру жолдары қарастырылды. Пәндер онкүндігінің жұмыс жоспары қарастырылды.

Кафедраның екінші отырысында I тоқсан бойынша әрбір пән мұғалімінің есебі тыңдалды. Мектепшілік оқушылардың олимпиадасының қорытындысы шығарылып, келесі аудандық олимпиадаға өткен оқушылармен дайындық жүргізудің тиімді жолдары қарастырылды.

Кафедраның үшінші отырысында бірінші жартыжылдықтың пән бойынша мұғалімдердің есебі тыңдалды. Аудандық, қалалық олимпиаданың қорытындысы туралы кафедра жетекшілері есеп берді.

Мықты жақтары	Әлсіз жақтары
- пән бойынша оқу бағдарламасының толық орындалуы	- шығармашылық жұмыспен белсенді түрде айналыспауы
Қауіптену	Мүмкіндік
- пән бойынша ғылыми жоба жұмысын жүргізуде іздену, зерттеу жұмыстарының дұрыс, жүйелі жүргізілмеуі, нәтиже көрсетпеуі	- сыныптың зерттеу жұмысына деген қызығушылықтарын арттыру үшін мұғалімдердің жұмысына бағыт-бағдар беру

«Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы арқылы көптілділікті жүзеге асыру» атты тәжірибелік алаң жұмысы

I. Тәжірибелік алаңның негізгі идеясы, мақсаты

1.1.Мақсаты: ана тілінің негізінде төртінші сыныптан бастап орыс тілін, бесінші сыныптан ағылшын, түрік, араб, қытай, неміс, француз тілдерін, «Сатылай кешенді оқыту» технологиясымен оқыта отырып, көптілділікті жүзеге асырудың ғылыми-әдістемелік негізін жасау

1.2.Міндеттері:

- әр пәннің мазмұнын ғылыми негізде енгізе отырып, оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту;
- өз бетінше білім алуға дағдыландыру;
- білім алушыны шығармашылық жұмыс жасауға машықтандыру;
- мұғалімдер мен оқушылар арасында шығармашылық орта қалыптастыру;
- әлеуеті жоғары көптілде сөйлейтін тұлға тәрбиелеу.

1.3. Мазмұны

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясының авторы – *Оразахынова Нұрша Алжанбайқызы*. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, Ресей жаратылыстану ғылымдар академиясының корреспондент-мүшесі, ҚР Кіші ғылым академиясының вице-президенті, Алматы облысы, Райымбек ауданының «Күрметті азаматы».

Ғалым-әдіскер технологиясы жайлы былайша тұжырым жасайды: *«Сатылай кешенді оқыту» – қазақтың төл технологиясы дейтін себебім, ол – біріншіден, технологияның теориялық негізі ретінде А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Т.Шонанов т.б. Алаш зиялыларының ғылыми-әдістемелік тұжырымдарын басшылыққа аламын; екіншіден, ұлы тұлғаларымыз Ыбырай, Абай, Шоқан тағы басқалардың ағартушылық ұстанымдарын негіз етемін.* «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы дегеніміз – оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері, өзіндік ерекшелігі бар және оқушыларға білімді ғылыми негізде сатылай, жүйелі, кешенді меңгертіп, оларға ұлттық құндылықтарды бағалай, қолдана білуге машықтандыратын оқыту. Сатылай кешенді оқыту – оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, әр пәннің ғылыми мазмұны мен жүйесін, талдап үйретумен қатар ойын дұрыс жеткізуге, әдеби тілде сөйлеп үйренуге, ана тілінің байлығын бағалай білуге баулитын ұлттық төл технология. Ұлттық төл технология дейтін себебіміз: қазақ тілін оқытудан бастау алып, халқымыздың әдебиетін, тарихын, жағрафиясын т.б. пәндердің жиынтығын құрап, оқушыларға жан-жақты білім беретін, оларды өз елінде, өз жерінде ұлтының биік тұлғалы азаматы етіп қалыптастыра алатын оқыту. Төл технологияны жасауға өзге елдің озық ой-пікірлерімен қатар алаш арыстарының психология-педагогика, әдістеме саласындағы құнды ғылыми тұжырымдарымен қатар қазақ халқының көрнекті ғалымдарының оқыту, тәрбие туралы жасаған ғылыми еңбектері мен әдістемелік кешендері негіз етіп алынды.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясы – тек қана білімді белгілі бір көлемде беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны меңгертумен ғана шектелмейтін, сонымен қатар баланың жалпы жан-жақты дамуына, ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты басқа танымдық-психологиялық қасиеттерінің жақсы үйлесімді дамуына бағытталған, қазақ тілінде ойлайтын, өз тілінде дітін орындата алатын, қазақ мәдениетін меңгерген тілдік-мәдени тұлға қалыптастыратын оқытудың түрі. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының басты қағидаларының бірі – жоғары қиындықта оқыту». Осыған орай бұл технологиямен тәжірибе алаңына енген сыныптар қазақ, орыс, ағылшын тілдері, тарих, жаратылыстану, математика, биология, география, физика, химия пәндерімен қатар қосымша түрік, араб, қытай, неміс тілдеріне де басым бағыт беріледі. Сонымен қатар аталған пәндермен жан-жақты терең білім берумен қатар тәжірибелік алаңда шығармашылық бағытқа негізделген шаралар *«Нұрлы білім» ұлттық-интеллектуалдық, ұлттық-танымдық клубы» аясында мынадай шаралар жоспарланып, жыл сайын өткізіледі: «Қарты бар үй – қазына», «Әкем, шешем, мен және туған тілім» атты зияткерлік марафон, «Мен ана тілімді сүйемін»*

шығармашылық байқау, «Көп тіл білу – азаматтық борышым» сайыс, «Мен ғылым әлемін зерттеймін» жоба, «Тілім менің – тірлігімнің айғағы» ҚР Кіші ғылым академиясының сыныпшылық, мектепшілік, қалалық, республикалық ауызша командалық олимпиадасы т.б.

II. Тәжірибелік алаң бағдарламасын әзірлеуде пайдаланылған әдістемелік ережелер және нормативтік-құқықтық құжаттар

- 2017 жылдың 3 шілдесіндегі жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізілген 2016 жылғы 9 сәуірдегі №501-V 2017 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
- ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 327 қаулысымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары;
- Білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу қағидаларын бекіту ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы №139 бұйрығы, ережесі (қағида жаңа редакцияда –ҚР Білім және ғылым министрінің 07.02.2019 №61 бұйрығымен);
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы қаңтардың 19-ғы №127 «Бастауыш, негізгі орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидалары»;
- ҚР Үкіметінің 2009 жылғы шілденің 20-ғы № 1102 қаулысына және Астана қаласы Білім басқармасының ММ-нің 2017 жылғы желтоқсанның 14-гі № 711 «Мемлекеттік Білім беру мекемелерінің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін көрсету және олардың тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау ережесі»;
- 2019 жылғы 21 тамыздағы Рухани жаңғыру бағдарламасының жаңа кезеңін жүзеге асыру бойынша әдістемелік құрал.

III. Тәжірибелік алаңының жұмыс істеу және даму кезеңі

Тәжірибелік алаңды жүргізудің перспективалық жоспары, жүзеге асу кезеңдері:			
Жұмыс істеу кезеңі	Мерзімі	Кезең мақсаты	Даму жоспары
I кезең. Дайындық кезеңі	2019-2020 оқу жылы	Н.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясын тәжірибеге енгізу жолдарын зерттеу	1-11-сыныптар бойынша оқушылар осы технологиямен білім алаумен қатар өз білімдерін қала, республика, халықаралық деңгейде өтетін ауызша командалық олимпиадаларда көрсете алады. Мектеп бойынша қалалық семинарлар өткізу. «Нұрлы білім» ұлттық-интеллектуалдық, ұлттық-танымдық клубын ашу. Мұғалімдердің шығармашылық ортасын қалыптастыру, оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеу.
II кезең. Іс-әрекет кезеңі	2020-2021 оқу жылы	Н.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясын	Технология бойынша қалалық, республикалық, халықаралық деңгейде өтетін олимпиадаға қатысатын оқушылар санын көбейту.

		тәжірибеге енгізу	«Зерделі, зерек болашақ» атты интеллектуалдық-танымдық ойынын республика көлемінде өткізу. «Нұрлы білім» ұлттық-интеллектуалдық, ұлттық-танымдық клубының жұмысын жандандыру. Ғылыми-әдістемелік жұмыстардың нәтижесі бойынша республика деңгейінде семинарлар, форумдар өткізу. Тәжірибелік алаңдағы мұғалімдердің ғылыми-әдістемелік мақалалары мен үлгілі сабақ жоспарларын республикалық педагогикалық және әдістемелік журналдарға жариялау, авторлық бағдарламалар, оқу құралдарын жасау.
III кезең. Іс-әрекет кезеңі	2021-2022 оқу жылы	Н.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы бойынша жазылған оқу кешендерін аяқтап, баспаға ұсыну (таңдау пәндері бойынша)	«Нұрлы білім» ұлттық-интеллектуалдық, ұлттық-танымдық клубының әр- түрлі бағыттағы кездесулерін өткізу. Тәжірибелік алаң мұғалімдерінің авторлық бағдарламалары мен оқу кешендерін қалалық ғылыми-әдістемелік кеңесіне ұсынып, республика көлеміне тарату.
IV кезең. Іс-әрекет кезеңі	2022-2023 оқу жылы	Н.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясын бірнеше тілде оқыту	«Сатылай кешенді оқыту» технологиясы арқылы бірнеше тілді (ағылшын, қытай, араб, түрік, неміс, француз) меңгерту. Тәжірибелік алаң мұғалімдерінің бірнеше тілде құрастырған авторлық бағдарламалары мен оқу кешендерін ғылыми-әдістемелік кеңесіне ұсынып, республика көлеміне тарату.
V кезең. Қорытынды кезеңі	2023-2024 оқу жылы	Н.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы – сапалы білім беру мен ұлттық тәрбие берудің кепілі	«Сатылай кешенді оқыту» технологиясы бойынша құрастырылған авторлық бағдарламалары мен оқу кешендерін қала, республика көлеміне тарату арқылы «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы сапалы білім берудің негізі екендігін дәлелдеу. Тәжірибелік алаң жұмысының нәтижесін халықаралық деңгейде тарату.

IV. Инновациялық қызметтің бағыты

Тұрақты әрекеттегі мектепшілік, қалалық, республикалық семинарларын, шеберлік сыныптар, онлайн сабақтар, білім жетілдіру курстарын, ғылыми-практикалық конференциялар, форумдар (облыстық, республикалық, халықаралық) өткізу.

Қазақстан Республикасы Кіші ғылым академиясының шеңберінде білім алушылармен ғылыми-практикалық жұмыс жүргізу арқылы Республиканың интеллектуалдық потенциалын қалыптастыру.

Инновациялық жүйеде жұмыс істейтін пән мұғалімдеріне көмек ретінде технологиялық инкубатор мен озық инфрақұрылымын қалыптастыру.

Білім берудің барлық деңгейлерінде «Сатылай кешенді оқыту» технологиясын оқыту бойынша озық зерттеу мәліметтерінің компьютерлік қорын қалыптастыру.

Тәжірибелік алаң мұғалімдерінің білім арттыру жүйесін бұқаралық ақпарат құралдары, презентациялар, интернет, электрондық почта арқылы кеңінен тарату. Web-сайтын, порталын құрып, ақпарат кеңістігіне шығару.

Ғылыми тақырыптары бойынша ғылыми баяндамалар, ғылыми жобалар, басылымдар дайындау, дарынды оқушылардың шығармашылық еңбектерін шығару.

ҚР Кіші ғылым академиясының «Тілім менің тірлігімнің айғағы» атты ауызша командалық олимпиадасын қалалық, республикалық, халықаралық деңгейде өткізу.

Тәжірибелік алаң жұмысының нәтижелері бойынша оқу кешендерін әзірлеу, жылдық қорытынды есептер беру (ауызша командалық олимпиада, семинар, конференция, форум).

Ғылыми-әдістемелік тұратқы іс-әрекеттер негізінде күтілетін нәтиже:

Ұстаздар тарапынан:

- кәсіби деңгейінің көтерілуі;
- ғылыми-ізденіс жұмыстарының қолға алынуы;
- іс-тәжірибелердің қала, облыс, республика көлемінде насихатталуы;
- авторлығымен жарық көрген оқулықтар;
- мұғалім-зерттеуші, шебер дәрежесіне көтерілуі.

Оқушы тарапынан:

- білім сапасының артуы;
- ізденушілік-шығармашылық жұмыстармен айналысуы;
- қалалық, облыстық, республикалық пән олимпиадаларда жүлделі орындарды иемденуі.

V. Күтілетін нәтиже

- мектепалды даярлық сыныптарынан бастап оқушылардың жас және дара ерекшеліктерін ескеріп, әр пәннің мазмұнына лайықтап жасалған сызба-нұсқалар мен алгоритмдерін басшылыққа алып білімді сатылап, жүйелеп енгізу арқылы олардың функционалдық сауаттылығының дамуына мүмкіндік жасалады;
- бесінші сыныптан бастап ағылшын, түрік, араб, қытай, неміс тілдерін енгізу арқылы оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту;
- оқушылар әр пәннің мазмұнын «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының он деңгейімен ғылыми негізде меңгере отырып, өз бетінше білім алуға, ақпараттық-коммуникативтік технологиялармен мақсатты түрде жұмыс жасауға дағдыланады;
- оқушылардың шығармашылық жұмыс жасау дағдысы қалыптасып, түрлі білім жарыстарына қатысуға және жобалар жасауға машықтанады;
- мұғалімдер мен оқушылардың арасында субъекті-субъектілік қарым-қатынас орнап, шығармашылық орта қалыптасады;
- «Нұрлы білім» ұлттық-интеллектуалдық, ұлттық-танымдық клубы бойынша өткізілетін іс-шаралар арқылы «Үштік одақ» (оқушы, мұғалім, ата-ана) жұмысы ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтар жанданады;
- бесінші сыныптан бастап ағылшын, түрік, араб, қытай, неміс, француз тілдерінде білім алу негізінде жан-жақты, көп тілді меңгерген тұлға қалыптасады.

«Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы арқылы көптілділікті жүзеге асыру» атты тәжірибелік алаң жұмыс жоспары педагогикалық кеңесте талқыланып, бекітілді. Ахмет Байтұрсынұлының туған күні мен Қазақстан Республикасы халқының Тілдер күнін біріктірген атаулы күні және «Нұрлы білім» ұлттық-интеллектуалдық, рухани-танымдық клубының» тұсаукесері өтті. «Нұрлы білім» ұлттық-интеллектуалдық, рухани-танымдық клубының мүшелігіне 28 оқушы, 28 ата-ана, 20 мұғалім қабылданды. Клубтың мақсаты: ана тіліміз арқылы жас ұрпағымыздың рухани-танымдық көкжиегін кеңейту, білімді, зиялы ұлттық салт-дәстүріміздің қадір-қасиетін бағалайтын, бүгінгі қоғамның талаптарына толық жауап бере алатын биік тұлғалы азаматтар тәрбиелеу.

2019-2020 оқу жылындағы №86 мектеп-гимназияның тәжірибелік алаң жұмыс жоспары Білім беруді жаңғырту орталығымен бекітілді. Сол жоспарға сәйкес апта сайын жұмыс жасалынады. Тәжірибелік алаңда сабақ беретін мұғалімдердің сабақтарына қатысып, өткізілген сабақтарына талдау жасалынып, әдістемелік көмек берілді.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясының авторы Н.А. Оразахынова мұғалімдердің сабақтарына қатысып, өз тәжірибелерімен бөлісіп, мұғалімдердің шеберліктерін шыңдауға қолдау көрсетіп отыратынын жасалынған талдаулардан көруге болады. Қазіргі уақытта 1-9 сыныптар бойынша әзірленген оқу бағдарламаларын тәжірибеден өткізіп жатыр.

Қыркүйек айында тәжірибелік алаңның 2019-2020 оқу жылындағы жоспары құрылды. нормативті құжаттарды 1-11 сынып мұғалімдеріне таныстырып, әдістемелік көмек көрсетілді. Ата-аналарға «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы бойынша түсінік беріліп, 1-11 сыныптарға арналған ата-аналар жиналысы өтті. Осы жиналыста ата-аналарға сабақтағы «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы бойынша таныстыру жұмыстары жүргізілді. Ата-аналар тарапынан туындаған сұрақтарға жауап берілді. Ахмет Байтұрсынұлының туған күні мен Қазақстан Республикасы халқының Тілдер күнін біріктірген атаулы күні «Нұрлы білім» ұлттық-интеллектуалдық, рухани-танымдық клубының» тұсаукесері өтті.

Бастауыш 1-11 сынып мұғалімдеріне «Критериалды бағалауды» күнделікті сабақта қалай жүзеге асыру жөнінде түсінік беру мақсатында коучингтар өткізілді. Сабақтарды бақылау және кері байланыс беру мақсатында эксперимент сыныптардың сабақтарына қатысып, әдістемелік көмек берілді. Тәжірибелік алаң мұғалімдерімен тәжірибе алмасу мақсатында мұғалімдерінің сабақтарына қатысып, ұсыныстар берілді.

Қазан айында, жаңадан келген мұғалімдер мен жас мамандардың сабағына әдістемелік көмек көрсету мақсатында сабақтарына қатысып, анықтама жазылды. Тексеру мақсаты: жаңадан келген мұғалімдер мен жас мамандардың жұмыс тәжірибелерімен танысу, жас мамандарға әдістемелік көмек беру; мұғалімдердердің кәсіби біліктілігі деңгейін; олардың сынып бойынша жұмыс жүргізе білу қабілетін, сондай-ақ, ұйымдастыруға байланысты іс-әрекет дағдысын тексеру.

Тексеру мерзімі: 2019 жылғы қазанның 7-інен 18-іне дейін.

Бақылау формасы:

- сабақтарға кіріп, соңынан нәтижесін талдау;
- мұғалімдердің әдістемелік қорымен танысу;
- мұғалімдермен әңгімелесу.

Тексеруді жүзеге асырғандар: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Г.О.Оразбекова, Қ.Т.Бақаева, А.Х.Боранбаева, ДҒӘЖО А.А. Төлеубекова, ДБЖО С.К.Жакалакова, ОСКО технологиясының авторы Н.А.Оразахынова

Тексерушілер мына сабақтарда болды:

Ажибаева Ұ.Б - қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Жалмағанбетова Б.Қ- қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Толеубаева С.Ж - қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Демисинова Ф.Ш - орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Таскараева М.У - орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Улдузова А.К - орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Хайруллина В.Д - орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Куттыгожина А.С- орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Джанабаева А.П - орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Кожобекова А.М- орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Ташет Н.Б- орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Калканбаева М - математика пәнінің мұғалімі
Уябаева Г.Ж- математика пәнінің мұғалімі
Бахтыбаева А.К. – ағылшын тілі пәнінің мұғалімі
Жанайдарова А.М - физика пәнінің мұғалімі
Серікбаева А.А - математика пәнінің мұғалімі
Наганова Н.С- биология және химия пәнінің мұғалімі
Полатова Ғ.Ғ – химия пәнінің мұғалімі
Шамахова А.И – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Тұтқабаева Ш.М – ағылшын тілі пәнінің мұғалімі
Аубакирова Г.Т- тарих пәнінің мұғалімі
Жанат А.Ж- тарих пәнінің мұғалімі
Баймулдинова М.Д – бастауыш сынып мұғалімі
Сейлханова Д.Б - бастауыш сынып мұғалімі
Кенджаева А.Т - бастауыш сынып мұғалімі
Рахметова Б.Т - бастауыш сынып мұғалімі
Асанғалиева Т.И - бастауыш сынып мұғалімі
Шайдарханова Н.Е - бастауыш сынып мұғалімі
Сейтхожанова Ж.Т - бастауыш сынып мұғалімі
Кожаква М.Қ - бастауыш сынып мұғалімі
Ибраева Г.Ж - бастауыш сынып мұғалімі
Битурсынова Б.Н - бастауыш сынып мұғалімі
Есжанова Ж.П - бастауыш сынып мұғалімі
Сақтаған А.А - бастауыш сынып мұғалімі
Тұртаева Р.Т - бастауыш сынып мұғалімі
Тұрсынхан Г.О - бастауыш сынып мұғалімі
Кабимолда Ж.Ж - бастауыш сынып мұғалімі
Рахманова Г.Т - бастауыш сынып мұғалімі
Ибраева Г.Д - бастауыш сынып мұғалімі
Кабылдина Ж.Т – ағылшын тілі пәнінің мұғалімі
Тулентаева А.А - ағылшын тілі пәнінің мұғалімі
Есходжаева Ұ.И - ағылшын тілі пәнінің мұғалімі
Назымбекова Д.Н - ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ажибаева Ұ.Б 7 а сыныбында «Көшпенділер мәдениеті» тақырыбында сабақ өткізді. Сабақта тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдылары толықтай жүзеге асты. Мұғалім стиль туралы ақпарат беріп, түсіндіріп өтті.

Сәйкестендіру тәсілі жүзеге асты. Оқушылар сабаққа толықтай қатысты. Сабақ құрылымына сәйкес жүйелі түрде өтті. Бірақ оқулықтағы мысалдар ескерілмеді. Мұғалімнің дауыс ырғағы жағымды. Оқушылар топта, жұпта жұмыс жасады. Оқушыларды сабақтың әр кезеңінде бағалап отырды. Атты әскерлер сөзіндегі дыбыстарға математикалық талдау жасады. Сабақ мақсатына жетті. Бірақ, уақыт үнемделмеді.

Жалмағанбетова Б.Қ- қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі 9 а сыныбында «Бұхар жырау «Тілек» толғауы» тақырыбында сабақ өткізді. Сабақ мақсатына толықтай жетпеді. Мұғалім тапсырманы дұрыс таңдамаған.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Төлеубаева С.Ж 5 а сыныбында «Киім. Сән.Тағам» тақырыбында сабақ өткізді. Сабақ әдістемелік жағынан жүйелі құрастырылған. Оқушылар топта, жұпта жұмыс жасады. «Жинақы мәтін», «Дұрысын тап», «Ортадағы қалам» әдістері арқылы өтті. ОСКО технологиясының синтаксистік талдау, дыбыстарға математикалық талдау тәсілдері сабақта жүзеге асты. Кері байланыс арқылы сабақты қорытындылады. Сабақ мақсатына жетті.

Орыс тілі мен әдебиетінің жоғары санатты мұғалімі Ф.Ш. Демисинова сабақтары үш бірлікті дидактикалық мақсатты орындау тұрғысынан нәтижеге жетті. Сабақтардың құрылымы жүйелілігімен, барлық кезеңдердің ойластырылғандығымен, сондай-ақ сыныптың өз ерекшелігіне сәйкес оқу материалын дұрыс таңдауымен ерекшеленеді. Мұғалімнің сабақта сауатты жазу, дұрыс сөйлеу дағдыларын дамыту және қалыптастыру бағытында мақсатты түрде жүргізілген жұмыстар нәтижесі аңғарылады. Мұғалім жаңғырту сипатындағы тапсырмалармен бірге эвристикалық және шығармашылық бағыттағы тапсырмаларды да орынды қолдана біледі. Дифференциялық сипаттағы тапсырмаларға да айрықша көңіл бөлінеді. Бұл сабақта дербес жүргізілетін жұмыстарды жүзеге асыруға мүмкіндік бермек. Бағалау жүзеге асты.

Бахтыбаева А.К. ағылшын тілінен сабақты кәсіби біліктілікпен жүргізетіні байқалып тұр. Танымдық қызығушылықты дамытуға байланысты елеулі жұмыстар жүргізілген. Сабақта эмоционалдық жағдай жасалған, мұғалім оқушылардың интеллектуалдық белсенділігін ояту, ойлау, сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін дамыту бағытында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізген. Мұғалімнің жұмсақ үні мейірімді атмосфера тудырып, оқушылардың өз ойларын ағылшын тілінде еркін жеткізуіне жағдай жасайды. Әйтсе де, сабақ өткізудің әдістері мен тәсілдерін таңдауда тапсырмалардың әр түрлі деңгейлілігін ескеріп отыру қажет, өйткені оқушылардың тілді игеру деңгейі әр қилы. Бұл шәкірттердің ой қызметін дамыту және белсендендіру, оларды оқушылар жауабын талдауға, түсініктеме беруге тарту үшін керек. Жоспар жасау және сабақ өткізу кезінде сыныптың даярлық деңгейін ескере отырып, уақытты ұтымды түрде бөлу, оның көлемі мен оңтайлы түрде қолданылуын ойластыру шарт. Осы мәселелерге көңіл аударған жөн. Тексеру кезінде мұғалімнің әдістемелік біліктілігі қалыпты деңгейде болды.

А.М.Жанайдарова - физика пәнінің мұғалімі. А. М. Жанайдарова өткізген сабақтардың тиімділігі 40-56 %-ды құрады. Тиімділік пайызындағы бұл елеулі айырмашылықтар сабақ барысының әр қилы сипатына байланысты. Мәселен, бірінде сабақтың мақсат, міндеттері белгіленбейді, бірінде балалардың даярлық деңгейі ескерілмейді, тағы бірінде мұғалім сабақты «субъект-объект» тұрғысынан ғана өткізеді. Мысалы, А.М.Жанайдарованың сабақ өткізу дағдысы әлі берік қалыптаса қоймаған, оқушылардың біркелкі қиындықтардан шығуын әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ете алмайды. Сабақтың құрылымы, кезеңдерінің өзара байланысы өз үйлесімін таба алмай жатыр. Тексеру кезінде мұғалімнің әдістемелік біліктілігі өз деңгейінде болған жоқ. Оқушылардың ауызша есеп шығару қабілетін дамыту жөніндегі жұмыстар дұрыс жүргізілмегені байқалады.

Есходжаева Ұ.И - ағылшын тілі пәнінің мұғалімі. Санаты жоқ. Сабақтар әдістемелік тұрғыдан алғанда дұрыс өткізілген жоқ. Барлығы жаңғырту сипатында ғана. Тапсырмалар әр қилы оқулықтардан алынған. Қосымша әдебиеттердің не үшін пайдаланылғанын түсіндіре алмайды.

Мұғалім сабақ өткізудің түрлі әдістері мен тәсілдерін қолдануға, балалардың интеллектуалдық белсенділігін оятуға даяр емес. Оқушылардың жауаптары олардың оқылған материалды ұғынбағандығын, түсініктері атүсті, жаттанды, сыңаржақ, тілді білуі шолақ сөйлемдер сипатында ғана екенін көрсетеді. Мұғалім әлі пәнішілік және пәнаралық байланыстарды игермеген, шәкірттерді оқытып-үйретудің дифференциялық тәсілдерін қолданбайды. Сабақта мұғалім көп уақытты өзі сөйлеп алады. Балалар шығармашылық үй тапсырмаларын бір жақты қысқаша сөйлемдер бойынша ғана орындайды. Оқушылардың өздігінен жүргізетін жұмыстарының үлес салмағы тым аз.

Кожобекова А.М – орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Санаты жоқ. Институтты бітірген уақыты мен педагогикалық қызметті бастаған уақытының арасында үлкен үзіліс бар. Бұл педагогикалық қызметтің төменгі деңгейі болып табылады. Сабақ әдістемелік тұрғыдан алғанда дұрыс өткізілген жоқ. Сабақ құрылымдары сақталады, бірақ кезеңдік байланыстары жоқ. Мұғалім сыныпты жеткілікті игере алмайды. Сабақ қызықсыз өтті. Шығармашылық тапсырмалар сабақ тақырыптары мен мақсаттарына қатыссыз беріледі.

Молдалиева Ж.Ш - жоғары санатты бастауыш сынып мұғалімі. Бастауыш сыныптарда сабақ беру әдістемесін меңгерген. Сабақтар ойын элементтерін пайдалана отырып, ОСКО технологиясының талдаулары арқылы жүйелі өтті.

Төмендегідей ұсыныстар берілді:

1. Пән мұғалімдері сабақ өткізудің стандартсыз формаларын зерттеп, үйренуі, сөйтіп оларды оқу- тәрбие үдерісін ұйымдастыру практикасына ендіруі, дамыту бағытындағы және шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды кеңінен қолданулары қажет. Әдістемелік тұрғыдан жұмыс жүргізулері шарт. Бұл орайда жүйелі жоспар жасаулары тиіс.
2. Пән мұғалімдері сабақ өткізетін пәндері бойынша мемлекеттік стандарттарды зерттеулері, кейбір мұғалімдердің жұмыс әдістерімен танысу үшін олардың сабақтарына қатысулары қажет. Әр сабақты нормативтік талаптарға сай, әдістемелік тұрғыдан сауатты өткізуге тұрақты әрі мұқият әзірлену шарт. Сабақ жоспарын жасау және оны өткізу кездерінде сол пәнге жетекшілік ететін кафедра жетекшілері мен директордың орынбасарларынан әдістемелік көмек сұрау керек.
3. Кафедра жетекшілері жас мамандарға бекітілген тәлімгерлер жоспарына сәйкес олардың жұмыс нәтижелерін қадағалаулары тиіс.

Қараша айында, Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы бойынша ҚР КҒА сыныпшылық командалық олимпиадасы өткізілді. «Үш тұғырлы тіл» бағдарламасын жүзеге асырудағы «Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының мүмкіндіктері» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Шығармашылық топ мүшелеріне Алаш зиялылығының білім беру саласындағы педагогика, психология, әдістемелік ғылыми мұраларын үздіксіз оқып отыру тапсырылды.

2019-2020 оқу жылдарында олимпиаданың өту мерзімі:

1. Топшылық, сыныпшылық (11-15 қараша).
2. Балабақшашылық, мектепшілік (21 желтоқсан).
3. Облыстық, аймақтық, қалалық (29 ақпан).
4. Республикалық, халықаралық (24 сәуір).

Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы бойынша білім алған бастауыш сынып және орта буын оқушыларының сыныпшылық «Тілім менің – тірлігімнің айғағы» атты ауызша командалық олимпиадасы өтті.

Ауызша командалық олимпиада жұмыстарының бағалау өлшемдері төмендегідей:

- барлық пән бойынша сатылай кешенді талдау арқылы теориялық материалды тілдік қатынасым теориясы (айтылым, тыңдалым, сөйлесім) арқылы практикалық тұрғыдан талдап, тұжырым жасап, оны өмірде қолдануы;

- кез келген шаршы топта өз көзқарасын дәлелдей отырып, шешен де шебер жеткізуі;
- мәнерлеп оқу;
- жылдамдыққа талдау (команда капитаны).

Ауызша командалық олимпиада өткізілетін пәндер:

1. Балабақша: қазақ тілі.
2. 1-сынып: қазақ тілі, әдебиет, математика.
3. 2-сынып: қазақ тілі, математика, әдебиет, дүниетану.
4. 3-сынып: қазақ тілі, орыс тілі, математика, әдебиет, дүниетану.
5. 4-сынып: қазақ тілі, орыс тілі, әдебиет, математика, дүниетану.
6. 5-сынып: қазақ, орыс, ағылшын тілдері, әдебиет, математика, тарих, жаратылыстану.
7. 6-сынып: қазақ, орыс, ағылшын тілдері, әдебиет, математика, тарих, география, биология.
8. 7-сынып: қазақ, орыс, ағылшын тілдері, әдебиет, математика, тарих, география, биология, физика, химия.
9. 8-сынып: қазақ, орыс, ағылшын тілдері, әдебиет, математика, тарих, география, биология, физика, химия.
10. 9-сынып: қазақ, орыс, ағылшын тілдері, әдебиет, математика, тарих, география, биология, физика, химия.
11. 10-сынып: қазақ, орыс, ағылшын тілдері, әдебиет, математика, тарих, география, биология, физика, химия.
12. 11-сынып: қазақ, орыс, ағылшын тілдері, әдебиет, математика, тарих, география, биология, физика, химия.

Желтоқсан айында Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы бойынша ҚР КҒА мектепшілік командалық олимпиадасы өтті.

2019 жылдың 11 желтоқсан күні Нұр-Сұлтан қаласы №86 мектеп-гимназиясында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік – қасиет тұнған ұлы ұғым» атты республикалық-практикалық семинар өтті. Семинар мақсаты: Алаш зиялылары аңсаған Тәуелсіздікті «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының арқауы екендігін білім беру үдерісінде көрсету. Семинарға республика мектептерінің 32 директоры, Білім беруді жаңғырту орталығының әдіскері және қала мектептерінің 3 директоры мен 50 мұғалім қатысты. Сонымен қатар, Қоғам қайраткері, тіл жанашыры Оразкүл Асанғазықызы және ата-аналар комитетінің төрағасы Мештаев Ақтан Даниярұлы қатысты.

Семинар Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған мерекелік шарамен басталды. Семинардың екінші бөлімінде мектеп мұғалімдері 18 сабақтар топтамасын өткізді.

I топта 2 «Е» сыныбымен жаратылыстану пәнінен «Жердің ауа қабаты» тақырыбында Абдукодирова Маржан Ержановна, 5 «А» сыныбымен қазақ тілі пәнінен «Тәуелсіздік - тірегі тіл» тақырыбында Төлеубаева Самал Жаксылыковна, 1 «Ғ» сыныбымен сауат ашу пәнінен «К дыбысы мен әрпі» тақырыбында Баймулдинова Меруерт сабақ берді.

II топта 1 «Ә» сыныбымен сауат ашу пәнінен «К дыбысы мен әрпі» тақырыбында Шайдарханова Назерке, 5 «Ж» сыныбымен жаратылыстану пәнінен «Су туралы түсінік

сипаттау» тақырыбында Азимбаева Гаухар Кураловна, 3 «Ғ» сыныбымен математика пәнінен «Аудан.Шамалар» тақырыбында Боранбаева Айгуль Кайруллиновна сабақ берді.

III топта 1 «Ж» сыныбымен сауат ашу пәнінен «Ү дыбысы мен әрпі» тақырыбында Молдалиева Жанар Шукиралиевна, 8 «Ә» сыныбымен ағылшын тілі пәнінен «Independence day» тақырыбында Тұтқабаева Шынар Маратовна, 3 «Ә» сыныбымен математика пәнінен «Аудан.Шамалар» тақырыбында Кенджаева Айсара Темирхановна сабақ берді.

IV топта 5 «Б» сыныбымен қазақ әдебиеті пәнінен «Ы. Алтынсарин. Қыпшақ Сейітқұл әңгімесі» тақырыбында Ажибаева Улжан Батырхановна, 2 «И» сыныбымен математика пәнінен «Жиынды біріктіру және бөлімдерге бөлу» тақырыбында Абдиева Айжан Сапарбековна, 9 «А» сыныбымен геометрия пәнінен «Ұшбұрыштардың ұқсастық белгілері» тақырыбында Уябаева Гульбаршын Жаксылыковна сабақ берді.


V топта 8 «Ә» сыныбымен орыс тілі пәнінен «Моя родина – Казахстан» тақырыбында Абилтаева Майра Латеновна, 2 «Ж» сыныбымен қазақ тілі пәнінен «Лепті сөйлем» тақырыбында Тұрсынхан Гүлназ Оразханқызы, 8 «Г» сыныбымен орыс тілі пәнінен О.Сулейменов. «Земля, поклонись Человеку!» тақырыбында Сабиркулова Шарипа Абдарасил-овна сабақ берді.

VI топта 10 «А» сыныбымен ағылшын тілі пәнінен «National values» тақырыбында Бахтыбаева Айдын Камаловна, 9 «Ә» сыныбымен алгебра пәнінен «Арифметикалық және геометриялық прогрессияларды қайталау» тақырыбында Калканбаева Марфуга, 4 «Д» сыныбымен әдебиеттік оқу пәнінен «Ш.Сариев. Тәуелсіздік монументі» тақырыбында Заманбек Жансая сабақ берді.

Сабақтар жоспарына сай, белсенді оқыту тәсілдері жұптық, топтық жұмыстармен қамтыла отырып өткізілді. Сабақтар ресурстармен толық қамтылған және тиімді пайдаланылды. Оқу мақсатына сайкес бағалау критерийі дұрыс құрастырылған. Тапсырмалар дұрыс таңдалып, дескрипторлар да нақты жазылған. Оқушылар әр тапсырмалардың орындалуын дескрипторларға сай бағалады. Сабақта оқушылар оқу мақсатына жетті. Оқушыларда есепті



талдап шығару, кері есеп құрастыру, тауар бағаларын салыстыру кезінде қолданылатын ұғымдарды пайдалану дағдылары қалыптасты. Оқушылар сабаққа өте белсенді қатысты және мұғалімнің қолданған кері байланыс тәсілдері нәтижелі болды. Оқушылардың кері байланыс беріп, бағалаулары өте жоғары деңгейде өтті. Ресурстар өте тиімді қолданылды. Уақытты тиімді пайдаланды. Оқушылар сабақты жақсы түсінді. Семинарға қатысушылар сабақты жоғары деңгейде өтті деп бағалады.



Ағылшын тілі тек ағылшын тілінде жүргізілді. Оқушылар сабақта өздерін еркін ұстады және мұғалімнің айтқанын жылдам орындап отырды. Ағылшын тіліндегі жаңа сөздерді тез меңгерді және ол сөздермен сөйлемдер құрай алды. Сабақ ойын түрінде, жұптық, топтық жұмыстармен ұйымдастырылды. Сабаққа қатыспай, қалыс қалған оқушылар болған жоқ, барлығы бағаланып отырды. Кері байланыс дер кезінде жасалып отырды. Сабақ -

қатысушы мұғалімдерге ұнады. Сабақты талдауда қатысушылар сабақтың сәтті өткенін, өздеріне қажетті әдістемелік көмек алғанын айтты. Сабақта іске асырылатын оқу мақсаттары айқын, оған жету үшін құрылған критерийлер нақты және қолданылатын іс-әрекет түрлері тиімді болғандықтан сабақ нәтижелі өтті. Сабақты жүргізген екі мұғалім де өздерінің педагогикалық шеберлігін



көрсетті деп бағаланды.

Сауат ашу пәнінен 1-сыныптарда ашық сабақ өтті. Оқушылар сабақта өте белсенді болды. Жеке, жұптық, топтық жұмыстар өтілді. Әр кезең тапсырмасы сәтті өтіп отырды. Әр кезең бағаланып отырды. Бұл жерде балалар ұйымшылдықпен өздерін көрсете білді. Берген тапсырмаларды бірден ұғып, жылдам орындап отырды. Бірінші сынып оқушылары болс

а да,

берілген тапсырмаларды жылдам, қатесіз әдемі жазып, мәнерлеп оқи білді. Ерекше айтарым, оқушылар өз пікірлерін қысылмай еркін ортаға салды. Сабақта сахналық көрсетілім көрсетіліп, оқушылардың актерлік шеберліктері келген қонақтарға ұнады. Сабақта оқушылар шығармашылық жұмысты жақсы орындады. Сонымен қатар, айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым дағдылары қамтылды. Оқушылар оқу дағдыларына жағына төселген. Оқушылар оқу мақсатына жетті.

Жаратылыстану пәнін де оқушылар сабақтың барлық кезеңдерінде белсенділік пен ұйымшылдық көрсетті. Оқушылар мұғалімді тиянақты тыңдап, өз жаттығуларында дұрыс қолдана білді. Сабақ барысында оқушыларға өздігінен білім алуға жағдайлар туды, яғни оқушылар туындаған проблемалық сұрақтарды алған білімдерін, дағдыларын қолдана отырып тәжірибе





жүзінде шешті. Сабақ жоспары толық орындалды. Оқушылар шығармашылықпен, өз беттерімен жұмыс атқара отырып, сабақта тиісті дәрежеде білім алды. Таңдалып алынған көрнекілік құралдар проблемалық оқыту талаптарына сай болды. Қолданылған әдістер және жұмыс түрлері сабақ мақсатына сай болды, дұрыс үйлестірілді. Сабақ жоғары деңгейде өтті, оқушылар белсенді қатысып отырды. Оқушылар топпен жұмыс жасағанда зерттеушілік қасиеттері жақсы көрінді, кері байланысты жақсы жасап отырды. Осы сабақты үздік сабақ ретінде баспасөз құралдарына жариялау

ұсынылды.

Алгебра пәнінің сабақ құрылымы өте жақсы құрылған. Әр тапсырма бағаланып отырды. Жұптық, жеке, топтық жұмыс, бағалау жақсы қалыптасқан. Әр тапсырмада дескрипторлар қолданды. Жалпы сабақта балалар алдарына қойған мақсатқа жетті. Сабақты түсінбей, тапсырманы орындай алмаған оқушылар болған жоқ. Барлық оқушылар сабаққа белсенді қатысып, өз ойларын еркін жеткізіп отырды. Әр тапсырмадан кейін мұғалім барлық оқушыға болмаса да, міндетті түрде үш – төрт оқушыға немесе жалпы сыныпқа кері байланыс беріп отырды. Сабақ әдістемелік тұрғыдан жоғары бағаланды. Барлық пікір білдірушілер сабақтың жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын айтылды.

Мұғалімдердің пікірлері: мұғалімнің өзін-өзі ұстауы ұнады. Осы сабақты өздерінің сыныптарында өткіземіз деген ой тастады. Балалардың жеке, жұпта, топта жұмыс жасауға дағдыланғандары туралы айтылды. Басқа да жаңартылған білім бағдарламасы бойынша түсінбеген сұрақтарын қойып, жауап алды.

Барлық сабақтар тізбегі Тәуелсіздік мерекесімен ұштасып, сабақтарда «Сатылай кешенді оқыту» технологиясын тиімді пайдаланды. 6 сабақ LS топтарымен бірге өтті. Сабақтың бірінші кезеңі болғандықтан әлі де жұмыс жасалыну керектігі көрініп тұрды.

Іс-шара барысында Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы бойынша үздік ашық сабақтар мен Lesson study – сабақты зерттеу жұмыстарының топтамасы бойынша іс-тәжірибе таратылды. Бұл семинар оқыту және оқу үдерісінде «Сатылай кешенді оқыту» технологиясын дұрыс түсініп, тиімді қолдана білген мұғалімнің кәсіби шеберлігінің артуына, бастама нүктесін дәл анықтап әрі қарай дамуына, жаңа идеяларға ұмтылуына серпіліс берді деген үміттеміз. Семинарға қатысушылар «Ашық микрофон» әдісі бойынша кері байланыс жасады. Семинардың соңында ұсынылған сауалнамаларды толтырып, таратылған кері байланыс парақтарына өз пікірлерін жазып тапсырды. Интервью алынды, сұрақтарға толықтай жауап берілді, семинар сәтті өтті. Басқа мектептермен тәжірибе алмасу ұсынылды. Семинарға қатысушылар оң пікірлерін берді.

«Қазақстандағы ұстаз көшбасшылығы» жобасының есебі

«Ұстаз көшбасшылығы» жобасы туралы ақпарат №1 педогогикалық кеңесте мәлімет берілді. Жобаның мақсаты: мұғалімнің кәсіби потенциалын ашуға, жетілдіруге, жүзеге асыруға ықпал ету болып табылады. Жоба қатысушылары педагог қызметкерлер, мектеп әкімшілігі, қосалқы және кіші қызметкерлер бола алатындығы туралы айтылды.

Жобадан күтілетін нәтиже төмендегідей:

- мұғалімдер мен мектеп басшылары білім беру инновацияларын басқаруға жауапкершілік ала отырып, оны жақсартуға бағытталған жұмыстар атқара алады;
 - мұғалім практика жүзінде мәселенің шешу жолдарын көрсете отырып, өзін-өзі толығымен кәсіби жетілдіре алады;
- халықаралық деңгейдегі зерттеушілігі үшін сертификатталады.

Жобаның пилоттық мектептері:

2017-2019 оқу жылында:

Көкшетау қаласы: № 17 МГ, № 13 ОМ, № 18МЛ

Тараз қаласы: № 40 МГ, № 7 МГ, №5 МГ

Алматы қаласы: № 8МЛ, № 33МЛ, №60 МГ, № 188 ОМ

2019-2020 оқу жылында:

Нұр-Сұлтан қаласы: № 86МГ, № 83 МГ, № 79 МЛ, № 75МГ, № 68 МГ, № 24ОМ

Бұл жоба бойынша Нұр-Сұлтан қаласы Білім беруді жаңғырту орталығы қала мектептері бойынша 2 кластер құрды. Біздің мектеп №79 мектеп-лицейіне тірек мектеп болып бекітілді.

Топтық сессияны өткізбес бұрын әріптестерден «Мектеп көшбасшысы» длеген сауалнама алынды. Сол сауалнама нәтижесінде 17 мұғалім «Ұстаз көшбасшылығы» жобасына таңдалып алынды.

САУАЛНАМА ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Барлығы:106

Қатысқандар саны: 86

№	Сұрақтар	Иә	Жоқ	%
1.	Мен өз сабақтарымды қызықты етіп өткізуге тырысамын, алайда, кейбір мәселелерге тап боламын	63		86
2.	«Көшбасшылық» бұл маған тән қабілет емес.	14	72	16/83
3.	Ізденіс пен зерттеу маған өте қажет.	1	85	1/99
4.	Тәжірибеде алған білімдерімді әріптестеріммен бөлісуге дайынмын	9	77	10/89
5.	Кез келген педагог көшбасшы бола ала ма?	86		100
6.	Мектептің өміріне белсенді араласуға дайынмын	86		100
7.	Мына сипаттамаларды оқып, жауаптардан төртеуін таңдап, жанына «+» белгісін қойыңыз.			

	А.«Мен өз мәселелерімді өзім шешкенді ұнатамын»	42		48
	Ә. «Көпшілікпен мәселе шеше алмаймын»	23		26
	Б.«Жаңашылдыққа қызығамын, үнемі ізденісте жүремін»	75		87
	В.«Бірлескен жұмыстан нәтиже күтемін»	28		32
	Г.«Өз ойымды үнемі бөлісіп отыруға дайынмын»	63		73
	Ғ.«Тәуекелге бел буғанды ұнатамын»	5		5

«Қазақстандағы ұстаз көшбасшылығы» жобасының 2019-2020 оқу жылдарындағы жоспары

№	Іс-шараның атауы	Іс-шара мақсаты	Іс шара түрі	Мерзімі	Орны	Жауапты	Шығу формасы
1	Жобамен таныстыру	жалпы ақпарат беру	презентация	Тамыз (соңғы декадасы)	Акт залы (пед. кеңес)	Толеубекова А.А Бахтыбаева А.К.	баяндама
2	Жобаға қатысушылар арасында сауалнама өткізу, қорытындысын шығару	жоба қатысушыларының ой-пікірін білу	сауалнама	Тамыз (соңғы декадасы)	әдістемелік кабинет	Толеубекова А.А Бахтыбаева А.К.	сараптама
3	Қатысушылармен жеке кездесу	қатысушылардың мәселелерін айқындау	сұхбат	қыркүйек	409 каб	Толеубекова А.А Бахтыбаева А.К.	хаттама
4	Топтық сессия № 1	қатысушыларға өз кәсіби мәселесін шешуге көмектесу; қатысушылардың жобалары өз мәселелерін қалай шешетіндігі жөнінде талқылау жүргізу, әріптестерінен қалай кеңес алуы туралы, және портфолионы қалай жинақтау керектігі туралы мәселелерді қарастыру.	сұхбат	18.09.2019 16.10.2019	409 каб	Бахтыбаева А.К.	хаттама
5	Топтық кездесу №2	қатысушыларға мектептің жалпы мәселелерінің мазмұнын түсінуге және іс-әрекет жоспарын жасауға көмектесу	сұхбат	30.10.19 05.11.19	409 каб	Бахтыбаева А.К.	хаттама
6	Жеке кездесу № 1	нақты мәселесін шешуге көмектесу; іс-әрекет жоспарын құрастыру.	сұхбат	08.10.19 02.11.19	409 каб	Бахтыбаева А.К.	хаттама

7	Мектепаралық кездесу № 1	өзге мектеп қатысушыларымен өз мәселесін талқылау	Сыни достық сұхбат	07.12.2019	№ 79 МГ	Толеубекова А.А Бахтыбаева А.К. қатысушылар	постер лер
8	Топтық кездесу №3	қатысушыларға дамыту жобасының жүргізілу деңгейін бағалауына көмектесу; қатысушылар іс-әрекеттеріндегі қателіктерді түзетуге көмектесу.	сұхбат	16.01.20	409 каб	Бахтыбаева А.К.	хатта ма
9	Жеке кездесу № 2	кедергілер мен қиындықтарды жою жолдарын қарастыруға ат салысу; қатысушылардың дамыту жобасына оқушыларды, ата-аналарды және мұғалімдерді тартуына ынталандыру.	сұхбат	08.01.20	409 каб	Бахтыбаева А.К.	хатта ма
				05.02.20			
10	Топтық кездесу №4	қатысушыларға өз басқару жобаларын жүргізудегі тәжірибені түсінуіне көмектесу; қатысушылар әріптестерімен көшбасшылыққа қатысты өз тәжірибелерімен, сондай ақ өз және басқа мектептердегі әріптестерімен іскерлік қарым-қатынасты кеңейтуі туралы талқылау жүргізу.	Сыни достық сұхбат	19.02.20	409 каб	Бахтыбаева А.К.	хатта ма
11	Мектепаралық кездесу № 2	өзара тәжірибе алмасу, ой-пікір бөлісу	Семинар	12.02.20	№ 86 МГ акт залы	Толеубекова А.А Бахтыбаева А.К. Қатысушылар	Презентациялар, постер лер
12	Топтық кездесу № 5	қатысушыларға өз жобаларының дамуына және кеңеюіне ықпал еткеніне талдау жасауға көмектесу; қатысушылар бағдарламаға қатысқаны туралы дәлелдеуші материалдары бар	сұхбат	11.03.20	409 каб	Бахтыбаева А.К.	хатта ма

		портфолиоларына қорытынды жасайды.					
13	Жеке кездесу № 3	мұғалімдердің портфолиосына талдау жасау, бағдарламаның кілттік материалдарының болуына	сұхбат	25.03.20	409 каб	Бахтыбаева А.К.	хаттама
14	Топтық кездесу № 6	бағдарлама аясында қандай мақсатқа жеткендері туралы ой-пікірлерін бөліседі; талқылау үшін жинақталған портфолиоарын көрсетеді; топтық кездесуде жеткен жетістері туралы бөліседі.	сұхбат	16.04. 20	409 каб	Бахтыбаева А.К.	хаттама
15	«Қазақстандағы ұстаз көшбасшылығы" МК қорытынды кездесуі	қатысушылардың жетістіктері туралы ақпарат алу	конференция	мамыр	№ 68 МГ	Толлеубекова А.А Бахтыбаева А.К. қатысушылар	Презентаци ялар, постер лер

1 Топтық- сессияның мақсаты:

- қатысушыларға олардың кәсіби мәселелерін анықтауға көмектесу;

- қатысушылар олардың дамыту жобасы сыныптағы немесе мектептегі жағдайды қалай өзгертетінін және дамытатынын; дамыту жобалары жөнінде әріптестермен қалай кеңесу керектігін және; портфолио үшін деректерді қалай жинау керектігін қарастыру;

Осы мақсаттарға жетуде қатысушылар өз мақсаттарына жетуде, яғни зерттеу жұмыстарын дұрыс бағыттауда жетекші сұрақтарға жауап беру ұсынылды.

Қатысушылармен бірлесе фасилитаторлар Асем Амандыковна мен Айдын Камаловна жұмыс атқара бастады.



Олар қатысушыларға зерттеу жұмысын анықтауда, оның өзектілігі мен оқу процессіне маңыздылығын айқындауға көмектесті. Сонымен қатар, қатысушыларға портфолионы қалай жүргізу керектігі де түсіндірілді.

№ 1 топтық сессия кезінде қатысушылар өз жобаларын айқындауда бірлесе отырып бір-бірімен ақылдаса мәселелерді шешуге тырысты.



Мұғалімдер өзара белсенділік таныта қызу талқылауға кірісті. Бұдан байқалғаны белсенділігі төмен мұғалімдердің де әлеуеттері жоғары екені байқалды.

№ 1 топтық сессиясының қорытындысы бойынша қатысушылар бір-бірімен тығыз байланыс орната отырып, өз ойларымен бөлісті.



«Ұстаз көшбасшылығы» жобасының № 2 топтық -сессиясының отырысының есебі

№ 2 топтық-сессияның мақсаты:

- ✓ қатысушыларға өз ұйымдастырушылық мазмұнын түсінуге және жоспар құруға көмектесу;

- ✓ қатысушыларды, сонымен қатар әріптестерімен бірлесе жұмыс жасау секілді мәселелерді қарастыруға бағыттау.


Қатысушылар осы топтық сессияда жеке кездесуде берілген нұсқаулықтар мен бағдарларға негізделіп біршама белсенділік таныта отырды. Сессияда «Кедергіні жеңіп шық» атты жобалық жұмыс жасалды, қатысушыларға түрлі заттар беріліп өз

жобасын қорғау ұсынылды. Тапсырманы орындауда қатысушылар бір-біріне көмектесе, ақыл кеңес бере отырып кедергілерден бірлесе өтуге тырысты. Осы тапсырма қатысушыларға өз



жобаларының жүргізу барысын айқындауға көмек болып, әріптестік қарым қатынас орнатуға негіз болды.

Тапсырмадан соң фасилитаторлар қатысушыларға зерттеу жобаларының жүргізілуін қарастыруға, ондағы қарастырылған мәселелерді айқындауға бағытталған сұрақтар төңірегінде сұқбат жүргізді. Талқылау барысында қатысушылардың кедергі мәселелері де анықталып «сыни достарымен» пікір алмасты, мәселелерін қайта қарастырды. Нәтижеде, қатысушылар толығымен өз зерттеу жұмыстарының дұрыс жүргізіліп немесе түсінбей жүргізіп жатқаны туралы пайымдап, бетпе-бет кездесулерге дейін осы мәселелерді қайта қарастырып келуге бел буды.



№ 1 мектепаралық кездесуінің рефлексивтік есебі



Жобаның жоспары бойынша № 1 мектепаралық кездесуі Нұр-Сұлтан қаласының № 79 мектеп-лицейінде өткізілді. № 1 мектепаралық кездесудің мақсаты өзге мектеп қатысушыларының жобаларымен өз жұмыстарын салыстыра отырып талқылау.

Біздің мектептен жалпы 17 жұмыс сұраныс берген болатын, алайда, кейбір жағдайларға байланысты 13 жұмыс қатысты. Оның 4 постерлік қорғау болса, қалған 9


жұмыс АКТ арқылы презентация түрінде қорғалды. Жобалар өз пәндері мен бағыттарына байланысты бірнеше секцияларға бөлініп, модератор ретінде мектеп фасилитаторлары тағайындалды.


Мектепаралық кездесудің шарттары мен критерийлері алдын ала беріліп, фасилитаторлар осы бағытта мақсатты жұмыс

жасады. Олар қорғау түрлері қорғау критерийлеріне тоқталып, әрбір жұмыспен толықтай жұмыс жасауға тырысты.

Ал қатысушылар өз жобаларын жасауда әрбір элементке көңіл бөліп, қорғау шарттары мен критерийлеріне сай болуға тырысты. Бұл жұмысты жасауда фасилитаторлар қатысушылардың кәсіби мәселесін түсінуге

көмектестік, мұғалімдерге әр біреуіне жекелей бағыт-бағдар бердік.





Кездесу барысында қатысушылардың постерлері мен презентацияларына оңтайлы пікірлер айтылды. Өзге мектептің қатысушылары әрбір жобаға сыни көзбен қарап кері байланыс жасады.

Мектепаралық кездесу оң нәтиже берді деп есептей аламыз, себебі, қатысушылар айтылған, тыңдалған пікірлер мен берілген кері байланыстарды назарға алып өз жобаларына баға берді. Олар жобаны қалай өзгерту керек екендігі, қалай жақсарту алуы мен тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануы бойынша пікір алмасты.

«Ұстаз көшбасшылығы» жобасының бетпе-бет кездесуі жөніндегі рефлексивтік есебі

Бетпе-бет кездесу жоспар бойынша өз уақытында өткізілді, қатысушылардың бос уақытыларына байланысты кездесу мерзімі нақтыланды. Кездесу екі топқа бөлініп 409 кабинетте сәрсенбі 08.10.19 және 02.11.19 күндері өткізілді. Өткізу формасы – сұхбат. Әрбір қатысушымен кездесу уақыты 20-30 минуттай уақыт бөлдiк. Қатысушылар өз жобаларына байланысты түрлі сұрақтармен келіп отырды.

№1 бетпе-бетте қатысушылардың өз тақырыптарын айқындауда және жобаға қатысудың шарттары мен мүмкіндіктері түсіндірілді. Әр қатысушы өз мәселесін айқындап одан шығатын нәтижеге болжам жасады.

Қатысушылардың тақырыптарына байланысты әр бірімен жекелей көмек көрсетілді.

Ең көп қойылған сұрақтың бірі - жобанын жүргізілуі. Қатысушылар өз жобаларын өздері ме әлде топпен жұппен жүргізуі керек пе деген сұрақпен келіп отырды. Сонымен қатар, жоспардың орындалуы, жоспарға өзгертулер енгізуге бола ма, әлде жоқ па деген сұрақтар оларды көбірек толғандыратыны байқалды.

Фасилитатор ретінде бұл сұрақтардың жауабын нақтылау мен қатысушыларға дұрыс бағыт-бағдар беру мақсатында «Мектеп фасилитаторының көмекші нұсқаулығы» көмекші құралынан пайдаландық.

Кездесуге уақыт тапшылығына байланысты келе алмаған мұғалімдерге телефон қосымшалары (whatsapp.com) немесе электронды почта (mail.ru) арқылы сұхбаттасуға тура келді.

Қатысушылар өз жоспарларын құруға бағыт-бағдар ала алды, оларға жоспарларын жасауға қолдау көрсетіп, ресурс көздерін, материалдарын жинақтауға көмектестік, себебі, әр бір қатысушы өз көкейінде жүрген сұраққа нақты, толық жауап алып әлеуеті артты деп ойлаймыз.

Оқу-әдістемелік жұмыстың қорытындысы

Ғылыми-әдістемелік жоспарда жоспарланған жұмыстың толық орындалғанын көрсетті. Кафедра отырыстарының тақырыптары өзекті, туындаған қарама-қайшылықтарды шешуге арналған. Әрбір кафедра отырысына бірлестік мүшелері толық дайындалады. Отырыстағы семинар, тренингтерде мұғалімдердің нақты іс-тәжірибелерінің қарастырылуы, мұғалімдердің кәсіби біліктілігінің қалыптасуына ықпал етті. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін мұғалімдер үлкен ізденіспен жұмыс жасады. Мектепшілік, республикалық әдістемелік семинарлар өткізіліп, іс-тәжірибелер таратылып отырылды. Аттестацияға өтініш берген мұғалімдер тестілеуден өтіп, аттестациядан өтті.

Мықты жақтары:	Әлсіз жақтары:
1. Аттестатауға өтініш берген барлық мұғалімдер тестілеуге жіберілді. 2. Мұғалімдер авторлық бағдарламаларын қала көлемінде қорғады (21 жұмыс) 3. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы бойынша әдістемелік семинарлар өткізіліп, іс-тәжірибелер таратылып отырылды. 4. Мұғалімдердің кәсіби біліктілігінің көтеруге ынталы болуы. 5. «Қазақстандағы ұстаз көшбасшылығы» халқыаралық жобаға қытысады.	1. Дарынды балалармен жұмыс істеуде мұғалімнің ғылыми біліктілігінің әлі де жетіспеушілігі. 2. Нәтижеге бағытталған жеке–дара оқытуды жүзеге асыруда мұғалімдердің әдістемелік және технологиялық жағынан әлсіздігі. 3. Жаңа оқу технологиялар мен мұғалімдердің тәжірибеге енгізуі дайындығының жеткіліксіздігі, ақпараттық технологияларды оқу-тәрбие үрдісінде қолдану төмендігі.
Қауіптену:	Мүмкіндік:
1. Республикалық, халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобаларда жетістікке жете алмау. 2. Оқытудың белсенді әдістерін және ақпараттық технологияларды қолдану арқылы жалпы білім беру сыныптары оқушыларының пәнге деген қызығушылықтарын арттыру. 3. Қолданылатын әдістер мен тестердің мектеп жағдайында іске асырудың проблемаларының теориялық жағын ашу, оның құндылығы, тиімділігі нәтижелігін анықтау.	1.Оқыту үрдісінің тиімділігін арттыратын мұғалімдер тәжірибелерін өзгертуге әлі де күш салу. 2.Astana Bilim Land ресурстарын сабақта жиі пайдалану, компьютерлік сауаттылық. 3. Мұғалімдердге жеке элективті және таңдау курстар бойынша авторлық бағдарламаларын көбейту. 4. Республикалық, халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобаларға қатысу.

Мектептің оқу-әдістемелік қызметін талдаудан кейін келесі қорытынды жасауға болады:

1. Әдістемелік жұмыс жоспары негізінен орындалды. Оқу үрдісін пәндер бойынша оқу-әдістемелік қамтамасыз ету бойынша жұмысын талдай отырып, әр пән мұғалімі күн сайынғы күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауға сәйкес оқу жылына жоспарланған оқу жоспарын (ҚР Білім Министрлігімен ұсынылған) жаңа КМЖ-ға сәйкес орындағанын атап өткен жөн.
2. Мектеп педагогикалық қызметкерлері Bilimland, smk, nao.kz сайттарының мүмкіндіктерін белсенді пайдаланады; білім берудің жаңартылған мазмұнын бағдарламалар бойынша оқу-әдістемелік әдебиеттерді қолдана алады.
3. Жүргізілген жұмыстар ғылыми-теориялық, әдістемелік, ғылыми-зерттеу жұмысының дағдылары, педагогикалық дағдылардың әдістерін оқытушының кәсіби-педагогикалық дайындығын жоғарылатуға ықпал етеді.
4. Әдістемелік және педагогикалық кеңестердің тақырыптары білім беру жүйесінің негізгі проблемалық мәселелерін көрсетеді.
5. Барлық жүргізілген жұмыстар мектептің негізгі міндеттерін шешуге мүмкіндік берді. Мұғалімдердің белсенділігі, олардың шығармашылыққа ұмтылысы өсіп келеді, инновациялық процестерге қатысатын мұғалімдер саны артты.
6. Мектептің мұғалімдері жоғары рейтингке қол жеткізуге ұмтылады.

Әдістемелік жұмыстың талданатын нәтижелері мектеп жұмысында кемшіліктер бар екендігін көрсетті.

Ұсыныстар: II жартыжылдықта ғылыми-әдістемелік жұмысты жалғастыру барысында мына мәселелерге көңіл бөлу керек:

- тәжірибелік алаң жұмысын жалғастыру;
- әріптестердің сабақтарына қатысып, алынған нәтижелерді талдау және өзін-өзі талдауға машықтандыру;
- әріптестердің педагогикалық тәжірибесін зерделеу, жақсартылған педагогикалық тәжірибені тарату бойынша жұмысты күшейту, тәжірибе алмасу мақсатында ашық сабақтар өткізу, мұғалімдердің тәжірибесін жинақтау;
- мұғалімдердің әр түрлі деңгейдегі жарыстарға қатысуын жандандыру;
- әдістемелік және дидактикалық оқу құралдарын жасау және шығару бойынша жұмысты жандандыру;
- мұғалімдердің кәсіби дағдыларын жетілдіру, сабақтың дәстүрлі емес нысандарын дайындау технологиясын қолдану, өзін-өзі талдау, өзін-өзі бақылауды ұйымдастыру, пәндік құзыреттілікті қалыптастыру үшін алдыңғы қатарлы білім беру технологияларын белсенді пайдалану.